

Шетелдік оқушыларды бағалау

Шетелдік оқушылардың білімін бағалау Білім туралы заң және Білім, жастар және спорт министрлігінің (БЖЖСМ) әдістемелік қағидасы бойынша реттеледі. Шетелдік азаматтардың балаларын “Чех тілі және әдебиеті” пәні бойынша бағалағанда, олардың чех тілі бойынша білімі ескеріледі.

Чех Республикасындағы міндетті білім беру орталығында оқитын Чех Республикасының азаматы болып табылмайтын тұлғалардың балаларының білімі Білім туралы заңның 51-53 бөлімдері бойынша және бастауыш мектеп және міндетті білім беруге қатысты талаптарды қамтитын №48/2005 бұйрықтың 14-17 бөлімдеріне сәйкес бағаланады.

Бұл оқушыларды бағалағанда, оқушының көрсеткішіне әсер еретін бұйрықтың 15(2) және (4) бөлімдеріне сәйкес чех тілі бойынша білім деңгейі өте маңызды фактор болып табылады. Бастауыш мектепке арналған Құрылымдық білім беру бағдарламасында көрсетілген “Чех тілі және әдебиеті” пәні (немесе бастауыш мектепке арналған оқу бағдарламасына сәйкес “Чех тілі және әдебиеті” мәнінің мазмұны) бойынша оқушыны бағалағанда, Чех Республикасындағы мектепке бара бастағаннан кейінгі үш семестр соңындағы чех тілі бойынша білім деңгейі оқушының жалпы көрсеткішіне қатты ықпал ететін бұйрықтың 15(2) және (4) бөліміне сәйкес фактор болып табылады.

Бірінші семестрдің соңында мектеп табелінде шетелдік оқушыларды бағалау міндетті емес. Алайда оқушы екінші семестрдің соғында да бағаланбаса, ол жылды қайта оқиды.

Словакия азаматтары оқу барысында “Чех тілі және әдебиеті” сабағынан басқа пәндерде словак тілін қолдануға құқықтары бар.

Тілдік қолдау көрсету (Мектеп ережелерінің 16 бөліміне сәйкес)

Жаңадан келген шетелдік оқушылар заң бойынша тегін тіл курсына алуға құқылы. Чех Республикасында ұзақ уақыт өмір сүрген және чех тілінде сөйлей алатын, бірақ чех тіліндегі күрделі тапсырмаларды және басқа пәндерді оқуға білімі жеткіліксіз оқушылар не болмақ? Оларға тіл курстары қамтамасыз етіле ме? Қамтамасыз етілсе, ол қандай болмақ? 20 бөлімге сәйкес тілдік білім беру курсына ұйымдастыру қиынға соғатын оқушылар не істейді (олар мектепте жалғыз ба)?

Білім туралы заң мен орындалатын ережелерге байланысты 2016 жылдың қыркүйек айынан бастап тілдік нұсқауларға қатысты білімі аз оқушылар арнайы білім алуды қажет ететін оқушылар санатына жатқызылады (Арнайы білім алуды қажет ететін және дарынды оқушыларға берілетін білім туралы №27/2016 бұйрық).

Қолдау көрсету шараларының бес деңгейлік жаңа жүйесі, сонымен қатар **чех тілін екінші тіл ретінде қолданатын (CSL)** оқушыларға тілдік қолдау көрсету негізінен қолдау көрсетудің екінші және үшінші деңгейлеріне қатысты болады. Екі жағдайда да мектептің консультациялық орталығының ұсынысы (SCF) болуы керек. Сондықтан мектептің консультациялық орталығында емтихан тапсыруды **сұраған** және ұсынылған қолдау көрсету шараларын іске асыруға **келісім берген ата-аналарды хабардар** ету керек.

Қолдау көрсету шараларында (SM) оқушылардың қандай құқықтары бар?

- а) 2-деңгейлі қолдау көрсету шаралары **нұсқау тілін жетік білмейтін оқушыларға қатысы** (чех тілі бойынша білім деңгейі – B1–B2).

Ұсынылған қолдау көрсету шаралары:

- Арнайы оқулықтар мен құралдар (шетелдіктерге арналған чех тіліндегі оқулықтар);
- Әр апта сайын 1 сағаттық **педагогикалық көмек** (оқушымен немесе мектептегі сыныппен жұмыс істеу үшін) – мысалы, чех тілін екінші тіл ретінде үйретеді;
- Апта сайын 1 сағат **арнайы педагогикалық көмек**, оны мектептегі арнайы педагог ұсынады.

Бастауыш және орта мектептегі чех тілін екінші тіл ретінде үйренетін оқушылар (басқа мәдени немесе географиялық ортада өсуіне байланысты көмек қажет ететін оқушылар) үшін чех тілін оқыту немесе чех тілін екінші тіл ретінде оқыту бағдарламасын күшейту керек, **ол үшін консультациялық оқыту сағаттарын барынша көбейту керек; оқушылар аптасына чех тілін екінші тіл ретінде 3 сағат, жылына 120 сағат оқуға құқылы.**

- б) 3-деңгейлі қолдау көрсету шаралары **нұсқау тілін білмейтін оқушыларға қатысы** (чех тілі бойынша білім деңгейі – A0–A2).

Ұсынылған қолдау көрсету шаралары:

- Білім беру мазмұнын реттеу,
- Арнайы оқулықтар мен құралдар (шетелдіктерге арналған чех тіліндегі оқулықтар);
- Аптасына 3 сағат педагогикалық көмек (оның ішінде 1 сағаты сыныпта жұмыс істеу) – мысалы, чех тілін екінші тіл ретінде үйренетін оқушыларға көмек;
- Апта сайын 3 сағат арнайы педагогикалық немесе керек болған жағдайда, психологиялық көмек, оны мектептегі арнайы педагог ұсынады.
- 0,5 FTE ауқымында басқа педагогикалық қызметкердің көмегі (мысалы, чех тілін екінші тіл ретінде оқытатын маман болуы мүмкін). Бастауыш және орта мектептердегі чех тілін екінші тіл ретінде оқитын оқушыларда **аптасына 3 сағат оқығаны дұрыс, бірақ жылына 200 сағаттан асып кетпеуі керек.**
- 3-деңгейлі қолдау көрсету шараларында консультациялық орталық оқушыға **білім алу мерзімін ұзартуды ұсынуы мүмкін** – №27/2016 бұйрықты қараңыз, “*Арнайы білім алу қажеттіліктері талап етсе (әсіресе басқа мәдени немесе географиялық ортала өскен балалар үшін), бастауыш , орта және үшінші сатылы білім алу мерзімін бір жылға созыруға болады.*” Ол Чех Республикасына келгеннен кейін 9 сыныпқа тағайындалып, бірақ нұсқау тілін жетік білмеуіне байланысты, оқи алмайтын оқушыларға арналған. Осындай жастағы оқушылар **бір сынып төмен** оқытылып, орта мектепке өту емтиханын тапсырғаны жөн.

4-ші және 5-ші деңгейде қолдау көрсету шаралары чех тілін екінші тіл ретінде оқитын және мүмкіндігі шектеулі балаларға қатысты.

Бастауыш мектеп

Білім туралы заң бойынша барлық оқушы білім алуға тең құқылы; сондықтан мектепте Чехия территориясына көшіп келген шетелдіктерге білім беру бойынша жасалатын жағдай Чехия азаматтарына жасалатын жағдаймен бірдей болуы керек және олар өздерінің заңды түрде көшіп келгенін дәлелдейтін құжат көрсетпесе де болады.

Шетелдік азаматтардың барлығы бастауыш мектепте тегін білім алуға, мектеп тамағын пайдалануға, сонымен қатар мектеп жанындағы орталық ұсынатын қосымша білім ошақтарына қатысуға құқылы. Мектеп чех тілін екінші тіл ретінде оқитын оқушыларды қабылдамауы мүмкін. Чех тілін екінші тіл ретінде оқитын оқушыны қабылдамаудың жалғыз себебі – мектептің толы болуы. Мектептер ондай балаларды қабылдауда белгілі бір талап қоятын жағдайларды жиі байқаймыз. Ондай жағдайда Білім туралы заң талаптары бұзылып жатқанын ескерту керек.

№48/2005 бұйрық (10-бөлім) бойынша мектеп директоры **оқушыны мектепке қабылдаған соң бір аптаның ішінде** оқушының заңды өкіліне тілдік дайындық сабақтары өтетіні жөнінде хабарлауға міндетті. Не болмаса мектептің өзі ондай балаларды сабаққа жазып қоюы мүмкін. Толық ақпарат алу үшін бетіндегі Білім туралы заңның 20-бөліміне сәйкес тілдік дайындық курсы, оның ішінде Чех Республикасында тегін тілдік дайындық қызметтерін ұсынатын мектептер тізімін қараңыз.

Білім туралы № 561/2004 заң мен №27/2016 бұйрыққа енгізілген өзгерістері чех тілін екінші тіл ретінде оқитын барлық оқушы үшін маңызды өзгеріс болып табылады. Оған **чех тілін екінші тіл ретінде оқитын балалар мен оқушылар** кіреді.

Мектеп интеграциясына тегін дайындық және ана тілін оқытудағы көмек

Оқушының тұрғылықты мекенжайына сәйкес жергілікті атқарушы орган мектептің негізін қалаушымен біріге отырып, мына әрекеттерді орындайды:

(a) бастауыш мектеп білімін беруге тегін дайындау, оның ішінде сол оқушылардың қажеттіліктеріне байланысты чех тілін үйрету,

(b) қажет болған жағдайда, баланың туған еліндегі атқарушы органдармен біріге отырып, баланың ана тілін және өз елінің мәдениетін оқыту. Ондай жағдайда, ол пәндер бастауыш мектептегі күнделікті пәндермен үйлестірілуі керек.

Бұл балаларды оқытатын педагогикалық қызметкерлердің біліміне келетін болсақ, жергілікті атқарушы орган олардың да бұндай оқыту жүйесі үшін дайындықтан өтуін қадағалайды. Босқындар лагерлерінде, сонымен қатар босқындар лагерінен тыс тұратын

босқындардың балалары оқитын бастауыш мектептерде негізгі тілдік дайындық сабақтары болады.

Шетелдік балалар мен оқушыларға білім беруге арналған негізгі нормативтік құрылым

Адамдардың жынысына, нәсіліне, түсіне, тіліне, сеніміне, дініне, саяси немесе басқа көзқарасына, ұлтына немесе әлеуметтік шығу тегіне, қай ұлт өкілі екеніне, мүлкіне немесе басқа да статусына қарамастан барлығының құқығы тең болады. Олар азаматтығы бар тұлғаларға да, шетелдіктерге де тиесілі. Осы негізгі құқықтар қолданыстағы заңда көрсетілген.

Нормативтік құрылым:

- Чех Республикасының конституциясының 10-бабына сәйкес халықаралық конвенциялардан (Адам құқықтарын және негізгі еркіндігін қорғау туралы конвенция, Баланың құқықтарын қорғау туралы конвенция, Босқындар туралы конвенция және т.б.) тұрады.
- Негізгі құқықтар мен еркіндік туралы хартия – Еуропалық заң (ережелер мен директивалар)
- Көшіп келген шетелдіктер туралы заң
- Босқындар туралы заң
- Уақытша қорғау туралы заң
- Білім туралы заң - оған қатысты заңдар, бұйрықтар, министрлік қағидалары...

Шетелдіктердің көшіп келуі туралы арнайы құқықтар мен міндеттер мына заңдарда қарастырылған:

- Босқындар туралы заң
- Уақытша қорғау туралы заң
- Көшіп келген шетелдіктер туралы заң